

**Тақырыбы:«Тәрбие тал бесіктен»  
Баяндама**



*Дайындаған тәрбиешілер:Сонакова А.К.  
Сарбасова А.А.*

«Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн». Н.Ә.Назарбаев.

Өркениетті аяқ басатын әр бір қоғамның алға қойған негізгі мақсат-міндеттерінің ең негізгісі – мемлекеттің, ұлттық келешегін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек ету. Ал келешегімізді жас ұрпақсыз елестету мүмкін емес. Жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісі балабақшадан басталатыны бүгінде баршаға аян. Осы бағытта қанатымен су сепкен қарлығаштай, бала тәрбиесімен өзінің саналы ғұмырын сабақтастырып жүрген тағылымы мол тәрбиешілерде баршылық.

Тәрбиеші: - мектепке дейінгі білім мекемесіндегі бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. «Адамның бір қызығы – бала деген», - деп Абай атамыз айтқандай, бала – адамның да, өмірдің де қызығы. Бала-өмірдің жалғасы, халықтың мұрагері. Еңселі егеменді еліміздің қуатты тұтқасын, яғни, саналы да білімді болашағын қалыптастыру әрбір педагогтың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағы-жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік-білім беру мекемесі.

Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасы тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағытта қарастырылып, оны өздерінің іс-тәжірибесінде қолданып отырса, біздің қоғамда бала тәрбиесінің алға басары сөсіз. Бұл ойдың тармағы бүгінгі тәрбиешінің кәсіптік шеберлігіне, шығармашылық дамуына әкеліп тіреледі. Сол себепті бала тәрбиесінде кездейсоқ адамдар болмауы тиіс.

Өз бетімен білім алу-педагогтың кәсіптік шеберлігін көтерудің бірден-бір жолы. Қазіргі заман талабына сай тәрбие саласына енгізілген жаңа бағыттағы тың үрдістерді тәрбиеші меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибеде орынды қолдана отырып, өз білімін, іскерлігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Ол үшін бір ғана сала бойынша алған білімі аздық етеді. Қай салада да жаңа көштен қалмай еңбектенуге, ізденуге тура келеді. Заман талабына сай жаңа стандарт талабы бойынша оқу-тәрбие жұмысын кешенді түрде ұйымдастыруда жаңашыл тәрбиешілердің негізгі тәрбие құралы – жан жақты білімді болуы тиіс. Себебі, қазіргі талап-жан жақты үйлесімді, жетілген жаңа адамды тәрбиелеу.

«Баланың ақыл-ой дамуын, қызығушылығын, қабілетін бейімін білмей оны тәрбиелеуге болмайды», деп В.А.Сухомлинский айтып кеткендей, педагог өз білімін балалардың ерекшеліктерін, отбасының мәдени дәстүрән, құндылықтарын есепке ала отырып, әр баланың айрықша қабілеттерін ашуға және дамытуға пайдаланған жағдайда ғана баланың даму деңгейі негізінде өзін-өзі дұрыс бағалауын жетілдіруге көмектеседі.

Қазіргі білім саласындағы тәрбие мен оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу

мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту тәрбиешінің зейін зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруын көмектеседі. Оқу-тәрбие үрдісін жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарты тәрбиешінің, инновациялық іс-әрекеттің қалыптастыруы болып табылады.

Жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгерген әрбір тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін нәтижелі даму жағынан көрсете алады. Осы орайда қазіргі таңда балабақшалардың алдына қойған міндеті де жоғары. Себебі, ұрпақ бойындағы алғашқы білім мен тәрбие дағдылары дәл осы мектепке дейінгі мекеме табалдырығында қаланады. Соңғы уақыттағы демократиялық жаңарулар тәрбиешілердің, әдіскерлердің шығармашылық қызметіне заңды түрде еркіндік берді. Тәрбиешілерге, пән мұғалімдеріне баланың жан-жақты дамуына жоғары деңгейде әсер ететін технологияны таңдау міндеті жүктелді.

Халқымыздың даналығында «Баланы -жастан» деген сөз бар. Сондықтан тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан дәстүрді өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің қомақты үлесіміз болар еді. Тәрбие – баланың сәбилік шағынан бесік жырымен біртіндеп іске асырылып санасына орнығып отыратын ұзақ үрдіс.

Сондықтан болашақ иелері бүгінгі балабақша тәрбиеленушілері екенін естен шығармай, олардың бойларына ең алдымен адами құндылықтарды сіңіруге еңбектену –біздің ,яғни мектепке дейінгі мекемелердегі педагогтардың ортақ міндеті.

